

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 32 беттің 1 беті

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

Пән: «Физиология»

Пән коды: Morfo 1202

БББ атауы: 6B10118 «Медициналық-профилактикалық іс»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 90 сағат/3 кредит

Оқытылатын курс пен семестр: I-курс, I-оқу семестрі

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтар: 24

Шымкент, 2024 жылы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 2 беті

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Морфофизиология» пәнінің оқу жұмыс бағдардамасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 40 « 28 » 08 2024ж.

Каф. меңгерушісі профессор м.а.  Танабаев Б.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 3 беті	

№ 1 сабақ

1.Тақырыбы: Жұлынның,сопақша, артқы мидың физиологиясы.

2.Мақсаты: жұлынның, сопақша, артқы мидың морфо-функционалды ерекшеліктерін оқып үйрену.

3.Оқыту міндеттері: жұлынның, сопақша , артқы мидың құрылымдық және қызметтік ұйымдастыруын кесте және сызба арқылы оқып үйрену ,адамның клиникалық маңызды соматикалық жұлынми рефлексстерін зерттеу әдістерін меңгеру

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жұлынның құрылымдық үйлесуі. Жұлынның қызметтері .
- 2.Жұлынның ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы.
- 3.Қимыл белсенділігін реттеудегі жұлынның ролі.
- 4.Жұлынның жоғарғы кететін және төмен кететін жолдары.
5. Жұлынның рефлекторлық қызметі.
- 6.Жұлын қызметтерін зертеу әдістері.
- 7.Жұлынның нейронды үйлесуінің ерекшеліктері .
- 8.Рефлекторлық теория және оның принциптері.
- 9.Артқы мидың құрылымдық үйлесуі .Артқы мидың қызметтері.
- 10.Артқы мидың ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы .
- 11.Сопақша мидың құрылымдық үйлесуі.Сопақша мидың қызметтері.
- 12.Сопақша мидың ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы .

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:

Физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

Зертханалық жұмыс № 1

Жұлынның вентральды және дорзальды бүйірлерін кесу

Қажетті құрал-жабықтар: құрал-саймандар, мақта, эфир, Рингер ерітіндісі, бақа.

Жұмысты орындау. Әлсіз наркоздалған бақаны тақтайшаға арқасын жоғары қаратып жатқызады. Теріні орта сызықтан кесіп сыпырады және бұлшықетті жұлынның екі жағынан сылып алады. Соңғы төрт омыртқаның доғасын кесіп, жұлынның қабығын алып тастайды. Бір жақтан дорзальды бүйірді кеседі. Екінші жақтан жайлап шыны ілгішпен дорзальді бүйірді жылжытып, вентральді бүйірді кеседі. Осыдан кейін жарақатты тігіп бақаны 3-4 сағатқа қалдырады. Белгіленген мерзімде немесе келесі күні бақылау жүргізеді. Дорзальды бүйір сақталған жердегі аяғын пинцетпен қатты қысқанда, аяқтарда рефлекторлық серпіліс байқалады бірақ тітіркендірген аяқ қозғалыссыз, босаңсыған күйде қалады. Дорзальды бүйір кесіліп вентральді бүйір сақталған аяқты тітіркендіргенде ешқандай әсер байқалмайды бірақ дененің басқа жерін тітіркендіргенде,бұл аяқта жиырылады.

Зертханалық жұмыс №2

Қажетті құрал-жабықтар: құрал-саймандар, қысқышты штатив, тұзқышқылының 0,1 %0,25%, 0,5%,1%-тік ерітінділері, су, секундомер, бақа.

Жұмысты орындау. Эфирмен наркоздалған бақаны өлтіріңіз немесе бас миын алып тастаңыз. Жұлынды бақаны иегінен штативке іліп қойып, оның бір аяғын тұз қышқылының 0,1%-тік ерітіндісіне малынған уақыттан бастап рефлекстік жауап қайтарғанға дейін қанша уақыт кеткенін секундомер арқылы белгілеп алу қажет. Бақаның аяқтарын сумен шайып жіберіп, қышқылдан тазартады, тұз қышқылының 0,3 және 0,5%-тік ерітінділерін пайдалана отырып, жоғарыда аталған тәжірибе бірнеше рет қайталанады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		42-16-2024
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 4 беті

3 рет қайталанып тәжірибе нәтижелері тиісті жолмен есептеледі де, орташа рефлекс уақыты табылады. Тітіркену уақыты 2-3мин аспайды.

Хаттама толтыру: 1. Зерттеу тәжірибесін жазу. 2. Алынған мәліметті кесте күйінде толтыру

Тітіркену күші(түз қышқылының концентрациясы, %)	Рефлекс уақыты,			Орта мәні
	1	2	3	
0,1				
0,25				
0,5				
1,0				

3.Тітіркену күшіне рефлекс уақытының тәуелділігін түсіндіріңіз.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет: №1 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау

Тесттер

1. Терең ұйқыдан ояу күйге ауысу байқалады, егер ...тітіркендірсе.

- A. торлы құрылымды
- B. қызыл ядроны
- C. сопақша миды
- D. таламусты
- E. базальды ядроларды

2. ОЖЖ-індегі тежелуді алғаш рет... ашқан.

- A. Сеченов И.М.
- B. Павлов И.П.
- C. Анохин П.К.
- D. Декард Р.
- E. Шерингтон Ч.

3. Құсу орталығы ... орналасады.

- A. сопақша мида
- B. ортаңғы мида
- C. гипоталамуста
- D. Варолиев көпірінде
- E. Торлы құрылымда

4. Жұлынның бел сегменттерінен адамда иннервацияланады

- A. жамбас, аяқтар
- B. табан, жамбас
- C. кеуде, жамбас
- D. ано-генитальды аймақ, жамбас
- E. бет, ано-генитальды аймақ

5. Ағзаның өзіндік реттелуі ... негізделген.

- A. кері афферентацияға
- B. жағдайлық афферентацияға
- C. афферентті синтезге
- D. басты мотивацияға
- E. пайдалы бейімделу нәтижесіне

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 5 беті	

6. Қыртыстың үлкен жарты шарларының қызметтері ... заңдылықтарына бағынады.
 - A. концентрация, иррадиация, индукция
 - B. концентрация, адаптация, индукция
 - C. иррадиация, доминанта, лабильділік
 - D. индукция, жинақталу
 - E. иррадиация, реверберация, конвергенция
7. Сөйлеуді қабылдайтын Вернике орталығы ... орналасқан.
 - A. қыртыстың самай аймағында
 - B. қыртыстың үшінші маңдай қатпаларында
 - C. қыртыстың алдыңғы орталық қатпаларында
 - D. қыртыстың шүйде аймағында
 - E. бас-ми жүйкелерінің қозғалтқыш ядроларында.
8. ...тітіркендірсе, терең ұйқыдан ояу күйге ауысу байқалады.
 - A. Қызыл ядроны
 - B. Торлы құрылымды
 - C. Сопакша миды
 - D. Таламусты
 - E. Базальды ядроларды
9. Жұлынның 3-12-кеуде сегменттерінің артқы түбірлері ... қамтамасыз етеді.
 - A. тұлға еттері және терінің сезімтал талшықтарымен
 - B. қозғалғыш талшықтарымен дене бұлшықеттерін
 - C. қозғалғыш және сезімтал талшықтарымен қолдың терісін және бұлшық еттерін
 - D. озғалғыш талшықтарымен аяқтың терісін және бұлшықеттерін
 - E. қозғалғыш талшықтарды
10. Жұлынның 1-4 мойын сегменттерінің артқы түбірлері ... қамтамасыз етеді.
 - A. сезімтал талшықтарымен мойын, шүйде, диафрагма терісін және бұлшық еттерін
 - B. қозғалғыш және сезімтал талшықтарымен мойын, шүйде терісін және бұлшықеттерін
 - C. қозғалғыш және сезімтал талшықтарымен мойын, шүйде, диафрагма терісін және бұлшықеттерін
 - D. қозғалғыш және сезімтал талшықтарымен бас терісін және бұлшық еттерін
 - E. қозғалғыш және талшықтарымен мойын, бас бұлшықеттерін нейронды ұйымдасуының ерекшеліктері

№2 сабақ

1.Тақырыбы: Ортаңғы, аралық мидың және үлкен жарты шар қыртысының физиологиясы.

2.Мақсаты: ортаңғы,аралық мидың және үлкен жарты шар қыртысының морфо-функционалды ерекшеліктерін оқып үйрену.

3.Оқыту міндеттері: ортаңғы,аралық мидың және үлкен жарты шар қыртысының құрылымдық және қызметтік үйлесуін кесте және сызба арқылы оқып үйрену ,электроэнцефалография әдісі,

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары :

1. Ортаңғы мидың құрылымдық үйлесуі. Ортаңғы мидың қызметтері .
2. Ортаңғы мидың ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы.
- 3.Аралық мидың құрылымдық үйлесуі . Ортаңғы мидың қызметтері.
4. Аралық мидың ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы .

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		42-16-2024
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 6 беті

5. Үлкен жарты шар қыртысының құрылымдық үйлесуі. Үлкен жарты шар қыртысының қызметтері.

6. Үлкен жарты шар қыртысының ОЖЖ-нің басқа бөлімдерімен байланысы .

7. Ми қыртысының қызметтік аймақтары

8. Адамның жарты шарларының қызметтік ассиметриясы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:

физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

Зертханалық жұмыс № 1

Шартты қорғаныстық (кірпік қағу) рефлексі.

Жұмысқа қажетті: дыбыс тітіркендіргіштерді қабылдаушы (қалта телефонының зуммері, қоңырау) икемді түтігі бар кішкентай резенке алмұрт. Зерттеу объектісі-адам.

Жұмысты орындау. Зерттелушіні үстелге отырғызыңыз. Оның бүйірінде тұрып, зерттелуші адамның көз бұрышына алмұртпен байланысқан түтікті бағыттаңыз. Ақ қабықша және қасаң қабық ауа ағынын қолданыңыз (ауа ауыру сезімін шақырмас үшін алмұртты аздап қана басу қажет). Жыпылықтайтын рефлектің болуын ескеріңіз. Дыбыстық тітіркендірушіні беріңіз; аздаған реакцияның және жыпылықтау рефлексінің болуын немесе болмауын белгілеңіз. Дыбыс пен ауаның әсерін бөлек – бөлек тексеріп, шартты рефлекті дамытуға кірісіңіз. Бұл үшін дыбыс көзін құлаққа жақындатып, дыбыс беріңіз, содан соң төзімді шартты реакция туғанға дейін ауа беріңіз. Тітіркендірушілер үйлесімділігін 5с аралығында 10-15 рет қайталаңыз. Зерттелушіге күтпеген жерден дыбыс беріңіз, бірақ ауа тітіркендірушісін пайдаланбаңыз. Зерттелушінің кірпік қағуы шартты рефлектің қалыптасқанын дәлелдейді. Егер кірпік қағу жоқ болса онда зерттеу дұрыс жүргізілмеді немесе ОЖЖ баяу жұмысын дәлелдейді, тағы бірнеше дыбыс әсерін қолданыңыз. Сосын қатты «дыбыс» деп айтыңыз. ОЖЖ дұрыс жұмыс істесе кірпік қағу байқалады.

Хаттама толтыру.

Зертханалық жұмыс №2

Электроэнцефалография әдісі.

Электроэнцефалография – бас миының электрлік потенциалын тіркеу әдісі.

Электроэнцефалограмманың параметрлерін және әртүрлі ритмдерін тіркеу жағдайының сипаттамасы.

Ритмдердің атауы	Жиілік, Гц	Амплитуда, мкВ	Ритмді тіркеу жағдайы
------------------	------------	----------------	-----------------------

Альфа ритм	8-13	50	тыныштық күйдегі жағдайда
Бета-ритм	13-30	20-25	эмоциялық қозу, ақыл-ой және физикалық іс әрекетте, тіркендіргіш әсер еткенде
Гамма-ритм	>35		ұйқы, наркоз, гипоксия және әртүрлі аурулар кезінде.
Тета-ритм	4-8	100-150	
Дельта-ритм	0,5-3,5	250-300	үлкен ми сыңарларының қыртысы зақымданғанда, қатты ұйқы, наркоз және гипоксия.

ОЖЖ-сінің қызметтік жағдайын бағалауда электроэнцефалография үлкен диагностикалық маңызға ие.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері(тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет: №1 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау

Тесттер

1. Үлкен жарты шарлар қыртысының синтетикалық қызметіне ... жатады.
 - А. динамикалық стереотипті қалыптастыру, шартты рефлекті түзу
 - В. хабар алу, динамикалық стереотипті қалыптастыру
 - С. шартты рефлекті түзу, ажыратпалы тежелу
 - Д. өшетін тежелу, динамикалық стереотипті қалыптастыру
 - Е. хабар алу, кешіктірілетін тежелу
2. ЭЭГ-да дельта ритмге ... жиілік және амплитуда сәйкес келеді.
 - А. 0,5-3,5 сек 250-300мкВ
 - В. 4-8сек 100-150мкВ
 - С. 8-13сек 20-75мкВ
 - Д. 15-25сек 10-20мкВ
 - Е. 26-35сек 50-100мкВ
3. Мидың белсенді іс әрекеттерін ЭЭГ-нің ... ырғағын көрсетеді.
 - А. бета
 - В. альфа
 - С. гамма
 - Д. тета
 - Е. дельта
4. Қыртыстың үлкен жарты шарларының қызметтері ... заңдылықтарына бағынады.
 - А. концентрация, иррадиация, индукция
 - В. концентрация, адаптация, индукция
 - С. иррадиация, доминанта, лабильділік
 - Д. индукция, жинақталу
 - Е. иррадиация, реверберация, конвергенция

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 8 беті

5. Үлкен жарты шарлар қыртысының синтетикалық қызметіне ... жатады.
 - A. динамикалық стереотипті қалыптастыру, шартты рефлекті түзу
 - B. хабар алу, динамикалық стереотипті қалыптастыру
 - C. шартты рефлекті түзу, ажыратпалы тежелу
 - D. өшетін тежелу, динамикалық стереотипті қалыптастыру
 - E. хабар алу, кешіктірілетін тежелу
6. ОЖЖ-нің физиологиясында теріс кері байланыс үлгісін ... тежелу көрсетеді.
 - A. қайтымды
 - B. сеченовтың
 - C. реципрокты
 - D. прессинаптикалық
 - E. постсинаптикалық
7. Нәзік еркін қозғалыстарды ... реттейді.
 - A. қимыл қыртысы және пирамидалық жүйе
 - B. базальды ядролар және мишық
 - C. қимыл қыртыс және қызыл ядро
 - D. мишық және сопақша ми
 - E. сопақша ми және жұлын
8. ОЖЖ үйлестіру әрекетінің негізгі принциптеріне ... жатады.
 - A. реципроктылық, жеңілдену, доминанта
 - B. окклюзия, кері байланыс, иррадиация
 - C. соңғы жол, индукция, конвергенция
 - D. реципроктылық, индукция, дивергенция
 - E. индукция
9. Үлкен жарты шар қыртыстың морфофункционалды бірлігі ... болып табылады.
 - A. қыртыс бағана
 - B. дөңді жасушалар
 - C. пирамида тәрізді жасушалар
 - D. нейроналды жасушалар
 - E. нейроглия
10. Организмде трофикалық қызмет атқаруда басты рөлді ... атқарады.
 - A. гипоталамус және қыртыстың жарты шарлары
 - B. сопақша және ортаңғы ми
 - C. жұлын және мишық
 - D. бас ми қыртысы, жұлын
 - E. гипоталамус

№3 сабақ

1. Тақырыбы: Көру және иіс сезу талдағыштарының физиологиясы.

2. Мақсаты: көру және иіс сезу талдағыштарының құрылымы және қызметтік ерекшеліктерін оқып үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

- оқу кестелер және муляждар арқылы талдағыштардың құрылымдарын көрсету
- торлы қабықтағы соқыр дақты, алақандағы тесікті 0,5-3,5 анықтау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. торлы қабықтың құрылысы және қызметі
2. Көздің рецепторлы жүйесінің аномалиялары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 9 беті	

3. Көздің бейімделуі.
4. көру үшін көз қозғалысының ролі
5. Иіс сезу талдағышының құрылысы мен қызметі.
6. Иіс сезу рецепторларының аномалиясы
7. Иіс сезу ақпараттарын кодтау

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

№1 Зертханалық жұмыс

Көздің торлы қабығындағы соқыр дақты анықтау (Мариотта тәжірибесі)

Жұмысқа қажетті: оң жағында ақ шеңбер, сол жағында ақ кресті бар арнайы қара түсті кеспе қағаз

Жұмысты орындау. Зерттелуші сол жақ көзін жабады да, оң қолындағы Мариотт карточкасын жайлап ашық оң көзіне жақындата бастайды. Зерттелетін көзді сол жақта орналасқан бейнеге (крестке) қадап отыру керек. Көзден 20-25 см қашықтықта оң жақтағы шеңбер көрінбей қалады. Бұл торлы қабықта соқыр дақтың болуының немесе бұл аймақта көру рецепторларының жоқ екенінің дәлелі. Содан соң зерттелушіге осы тәжірибені сол көзіне жасауды ұсынамыз. Хаттама толтырғанда көз қадамаған бейне жоғалған кездегі көз бен карточканың арақашықтығын анықтап, қорытынды жасаңыз.

Зертханалық жұмыс №2

Алақандағы тесік

Жұмысқа қажетті: түтікше түрінде оралған қағаз.

Жұмысты орындау. Зерттелушінің оң көзіне түтікше тәрізді қағазды жақындатыңыз. 20-30см арақашықтықта түтікшенің ортасына алақанды көлденең қоямыз. Екі көзбен түтікше арқылы қараған кезде «алақандағы тесікті» көреміз. Оң және сол көзді кезек-кезек жауып қарағанда алақандағы тесік жоғалады. Хаттама толтыру, нәтижесін жазу.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері(тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау.

7. Әдебиет: №1 қосымшаны қараңыз

8. Бақылау

Тесттер

1. Симпатикалық жүйке жүйесінің тонусы жоғарлаған кезінде қарашықтың диаметрі
 - А. үлкейеді
 - В. кішірейеді
 - С. кішірейеді, кейін үлкейеді
 - Д. өзгермейді
 - Е. үлкейеді, кейін кішірейеді
2. М.П.Павлов бойынша анализаторлардың негізгі бөлімдер:
 - А. рецепторлы, өткізгіш, қыртысты.
 - В. рецепторлар, өткізгіш, сенсорлы.
 - С. бульбарлы, таламусты, қыртысты.
 - Д. өзгешелік, өзгешелік емес, ассоциативті.
 - Е. рецепторлы, таламусты, орталық.
3. Біріншілей сезетін рецептор ... болып табылады.
 - А. иіс сезу, тактильді, проприорецепторлар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 10 беті

- В. есту, тактильді, дәм сезу рецепторлар
- С. вестибулорецепторлар, проприорецепторлар, хеморецепторлар
- Д. барарецепторлар, иіс сезу, осморецепторлар
- Е. дәм сезу, есту, вестибулорецепторлар
4. Иіс сезу сезімталдығын зерттеу үшін ... қолданылады.
- А. ольфактометрия
- В. аудиометрия
- С. термостезиометрия
- Д. диплоскопия
- Е. периметрия
5. Анализатордың рецепторлық бөлімі... сипатталады.
- А. бейімделу, жоғары сезімталдық, маманданумен
- В. төмен сезімталдық, рефрактерлік, қызметтік ептілігімен
- С. рефрактерлік, аккомодация, маманданумен
- Д. лабилдік, хронаксия, төмен сезімталдықпен
- Е. мамандану, бейімделу, қозудың жоғары табалдырығымен
6. Анализаторлар түсінігіне... тұтастай кіреді.
- А. маманданған рецепторлар, аралық, орталық құрылыстар мен олардың
- В. байланыстыратын жүйке талшықтары
- С. сыртқы ортадан ақпаратты қабылдауын қамтамасыз ететін нейрондарға
- Д. ОЖЖ бөлімдері арқылы, қозудың өтуін қамтамасыз ететін құрылыстарға
- Е. ақпараттың қабылдауын қамтамасыз ететін рецепторларға
- Е. ақпараттың өңдеуін қамтамасыз ететін қыртыс асты құрылыстарға
7. Жақында орналасқан заттарға қарағанда көз бұршағы
- А. дөңестене түседі, сәулелерді сындыру күші жоғарлайды
- В. тегістеледі, сәулелерді сындыру күші төмендейді
- С. жазылады, сәулелерді сындыру күші жоғарлайды
- Д. дөңестене түседі, сәулелерді сындыру күші төмендейді
- Е. дөңестігі өзгермейді
8. Астигматизм пайда болғанда көздің рефракциясының коррекциясына ... шыны қажет.
- А. цилиндрлік
- В. екі жағы ойыс
- С. екі жағы дөңес
- Д. горизонталды
- Е. квадратты
9. Тордағы ең анық көрінетін жері ортаңғы шұңқыр, бұл жерде ... жинақталған.
- А. сауытшалар
- В. таяқшалар
- С. сауытшалар мен таяқшалар
- Д. ганглиозды жасушалар
- Е. биполярлы жасушалар
10. Тактильдік сезімталдықты зерттеу үшін ... қолданылады.
- А. Вебер циркулі
- В. Ольфактометр
- С. термостезиометр
- Д. фталъмоскоп
- Е. Форстер периметрі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 11 беті

11. Торлы қабаттың сыртқы бетін ... жасушалар құрайды.

- A. пигментті
- B. ганглиозды
- C. биполярлы
- D. таяқшалар
- E. сауытшалар

12. Торлы қабықта жарық әсерінен таяқшаларда фотохимиялық процесте родопсин ... ыдырайды.

- A. ретинол мен опсинге
- B. йодопсин мен ретинольға
- C. эритролаб және вит.А
- D. хлоралаб және опсинге
- E. вит. А және йодопсинге

13. Қыртыстың жарты шарларының самай бөлігінде ... анализаторлардың орталығы орналасады.

- A. есту және дәм сезу
- B. қимыл және дәм сезу
- C. тактильді және көру
- D. есту және иіс сезу
- E. қимыл және иіс сезу

14. Фоторецепторлардың сезімталдығы өте жарық жағдайда

- A. төмендейді
- B. өзгермейді
- C. жойылады
- D. жоғарлайды
- E. фазалық түрде өзгереді

15. Көздің торлы қабаттың сауытшаларында ... пигменттері болады.

- A. йодопсин, эритролаб, хлоролаб
- B. родопсин, ретиналь, эритролаб
- C. йодопсин, родопсин, витамин А
- D. люмиродопсин, йодопсин, хлоролаб
- E. метародопсин, люмиродопсин, ретиналь

16. Қараңғыда фоторецепторлардың сезімталдығы

- A. жоғарлайды
- B. өзгермейді
- C. жойылады
- D. төмендейді
- E. фазалы өзгереді

№4 сабақ

1.Тақырыбы: Есту, тепе-теңдік сақтау және дәм сезу талдағыштарының физиологиясы.

2.Мақсаты: есту, тепе-теңдік және дәм сезу талдағыштарының құрылымдық және функционалды ерекшеліктерін оқып үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		42-16-2024
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 12 беті

- оқу кестелер және муляждар арқылы талдағыштардың құрылымдарын көрсету
- есту және иіс сезу талдағыштарын зерттеу әдістері

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Дыбысты қабылдау теориясы.
2. Есту рецепциясының механизмі.
3. Дыбыс қарқындылығын талдау.
4. Есту сезгіштігі.
5. Дыбыстың жиілігін талдау.
6. Есту талдағыштарының зерттеу әдістері.
7. Дәм сезу талдағышының құрылысы мен қызметтері.
8. Тепе-теңдік талдағышының құрылысы мен қызметтері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

Зертханалық жұмыс №1

Иіс сезу, дәм сезу және көру талдағыштарының өзара әрекеттесуі.

Жұмысқа қажетті: 2% сіркесу қышқылының ерітіндісі, 10 % глюкоза ерітіндісі, бір түйір қант, картоп, пияз, алма. Зерттеу объектісі – адам.

Жұмысты орындау. Зерттелуші тіліне бірнеше тамшы 2 % сірке қышқылының ерітіндісін, 10 % глюкоза ерітіндісін бірінен соң бірін тамызамыз. Дәм сезудің айырмашылығын белгілейміз. (Тілге алманың, пияздың, шикі картоптың бөліктерін коямыз). Содан кейін тура осы тәжірибені адамның мұрны мен көзін жауып жасаймыз, дәм сезудің айырмашылығының барын немесе жоғын белгілейміз.

Хаттама толтыру. 1. Кестені толтыру. 2. Зерттеуді қорытындылау.

	Көз ашық, мұрын жабық	Көз жұмулы	Көз жұмулы, мұрын жабық
2 % сірке қышқылы Қант Алма Картоп Пияз			

Зертханалық жұмыс №2

Дәм сезудің иіс шегін анықтау

Жұмысқа қажетті: пияз, зерттеу объектісі- адам.

Жұмысты орындау. Зерттелуші алдымен мұрнын жауып, пиязды шайнайды сосын мұрнын ашып тағы шайнайды. Содан соң екі зерттеу кезіндегі сезімдерін салыстырады. Хаттама толтыру. 1. Зерттеу нәтижесін сипаттау. 2. Мұрын бітелгенде дәм сезу жоғалатынын көрсетіп қорытынды жасау.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау.

7. Әдебиет № 1 қосымшаны қараңыз.

8. Бақылау

Тесттер

1. Иірім түіктің төменгі арнасы... толтырылады.

А) перилимфамен

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 13 беті

- В) эндолимфамен
 С) жасуша ішілік сұйықтықпен
 D) физиологиялық ерітіндімен
 E) лимфамен
2. Есту талдағышының рецепторларына ... жатады.
 A) талшықты жасушалар
 B) таяқшалар, сауытшалар
 C) макулалар, кристалар
 D) Пачиниев денесі, Мейснеров денешігі
 E) Руффини денешігі, Краузе таяқшасы
3. Есту талдағышының үшінші бөлімі ... орналасқан.
 A) қыртыстың самай аймағында
 B) қыртыстың төбе аймағында
 C) қыртыстың шүйде аймағында
 D) қыртыстың маңдай аймағында
 E) таламуста
4. Есту талдағышының бірінші нейроны ... орналасқан.
 A) спиральді ганглиде
 B) жұлын ганглиінде
 C) Скарпи ганглиінде
 D) жұлдызшалы ганглиде
 E) төрт төмпешікте
5. Вестибулярлы талдағышының үшінші бөлімі ... орналасқан.
 A) қыртыстың орталық артқы иірімінде
 B) қыртыстың орталық алды иірімінде
 C) қыртыстың маңдай аймағында
 D) вестибулярлы ядроларда
 E) таламуста
6. Вестибулярлы талдағышының бірінші нейроны ... орналасқан.
 A) Скарпи ганглиінде
 B) жұлын ганглиінде
 C) спиральды ганглиде
 D) жұлдызшалы ганглиде
 E) төрт төмпешікте
7. Есту өткірлігін анықтау үшін ... қолданылады.
 A) аудиометр
 B) диплоскоп
 C) форстер периметрі
 D) Вебердің циркулі
 E) ольфактометр
8. Маманданған рецептор деп ... тітіркендіргішке жауап беру қабілеті түсіндіріледі.
 A) табиғи табалдырық күші
 B) жасанды күшті
 C) жасанды әлсіз
 D) табиғи табалдырықтан төмен күші
 E) кез-келген

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 14 беті

9. «Шайқалыс» құбылысы (теңіз ауруы) ... анализаторлар рецепторларының қозуымен байланысты.
- көру
 - есту
 - иіс сезу
 - локомоторлы
10. Кортиев мүшесі иірім түтігінде ... мембранада орналасады.
- негізгі
 - көру
 - текториальді
 - түпкі
 - дабыл
11. Дене қызметімен айналысқаннан кейін дәм сезуі
- төмендейді
 - бұзылады
 - жоғарлайды
 - өзгермейді
 - жойылады
12. Бейімделу кезінде рецепторлардың электрлік активтілігі
- төмендейді
 - өзгермейді
 - жоғарлайды
 - жойылады
 - эрекет потенциал пайда болады
13. «Қышқыл» сезімді сезіп тұратын және оған қозатын рецепторлар ... орналасады.
- тілдің бүйір жағында
 - тілдің ұшында
 - тілдің түбінде
 - тілдің денесінде
 - ауыз қуысының жақты бетінде
14. Егер ... жүйкесі зақымдалса, адамның тәтті, қышқыл, тұщы сезімді қабылдау қабілеті жойылады.
- тіл
 - кезеген
 - тіл-жұтқыншақ
 - бет
 - үшкіл

№5 сабақ

1.Тақырыбы: Жүрек физиологиясы. Жүрек қызметін зерттеу әдістері.

2.Мақсаты: жүрек етінің физиологиялық қасиеттері мен ерекшеліктері, жүрек оралымының фазалық құрылымы, жүрек қызметінің реттелуінің әр түрімен танысу.

3.Оқыту мақсаты:

ағзаның функционалдық жағдайын дұрыс бағалау.

ЭКГ-ны, ФКГ-ны талдау

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	42-16-2024 52 беттің 15 беті

1. Жүрек бұлшық етінің физиологиялық қасиеттері және ерекшеліктері.

4. Кардиомиоциттер, олардың құрылысы.

3. Жүрек оралымының фазалық құрылымы.

4. Жүрек қызметінің реттелуі.

5. Жүрек қызметінің жүйкелік реттелуі .

6. Жүрек қызметіне ВЖЖ симпатикалық бөлімінің әсері .

7. Жүрек қызметіне ВЖЖ парасимпатикалық бөлімінің әсері .

8. Интракардиалды реттелу механизмі .

9. Жүрек қызметінің гуморалды реттелуі.

10. Жүректің жүйкеленуі.


5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/

технологиялары: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау.

Зертханалық жұмыс №1.

Электрокардиограмманы талдау.

Электрокардиография дегеніміз — жүрек еті қозған сәтте пайда болатын электр құбылысын жазып алу әдісі. Электрокардиографпен жазып алынған қисық сызық – электрокардиограмма д.а. Ол латын алфавитінің соңғы әріптерімен (P, Q, R, S, T) белгіленеді. P-тісі екі жүрекше қозған кезде туған ток жиынтығын көрсетеді. P мен Q тісшелері қозудың атриовентрикулярлық түйінінен ГИС шоғырына өту жылдамдығын көрсетеді. QRS тісшелер комплексі қарыншалардағы қозу үрдістерін көрсетеді. T тісшесі қозудың «СӨНУІН» реполяризациясын көрсетеді.



Электрокардиограммамен зерттеу кезінде қолданылатын стандартты тіркемелер

ЭКГ көрсеткіштері жүректің ырғағын бағалауға және миокардтың (өткізгіш жүйесін қоса) зақымдалуының әр түрлі деңгейін, кардиотроптық дәрілердің әсерін бақылауға мүмкіндік береді.

№2 Лабораториялық жұмыс

Фонокардиография әдісі. Жүрек тондары.


Фонокардиография - жүректің тондарын жазып алу әдісі. Жүректің жұмыс істеуі дыбыстық құбылыстармен көрінеді, ол жүрек тоны деп аталады. Арнайы аспап – фонокардиограф арқылы жүректің төрт тоны жазып алынады.

I (систолалық) тон систоланың басында пайда болады.

II(диастолалық) тон диастоланың басында пайда болады.

III тон (протодиастолалық тон) диастоланың қанға толу кезеңінде пайда болады.

IV (жүрек алды) тон пресистола кезеңінде пайда болады.



Жүрек қан-тамыр жүйесінің функционалдық жағдайын бағалауда фонокардиографияның маңызы зор.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері(тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер

1. Жүректің жиырылу жиілігі 75-ке тең болғанда жүрек циклінің ұзақтығы нешеге тең болады:

- A) 0,8 сек.
- B) 0,4 сек.
- C) 0,6 сек.
- D) 1,0 сек.
- E) 1,1 сек.

2. Жүрек бұлшықетіне сипатты жиырылу:

- A) жеке дара
- B) тоникалық
- C) тетаникалық
- D) пластикалық
- E) фазалық

3. Инотропты әсерден жүректің ... өзгереді.

- A) күші
- B) жиілігі
- C) қозушылығы
- D) өткізгіштігі
- E) жиырылғыштығы

4. Электрокардиограмма сипаттайды:

- A) қозу мен өткізгіштікті
- B) қақпақшалардың жабылғанын
- C) жиырылғыштық пен өткізгіштікті
- D) жиырылғыштық пен тонусты

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 17 беті

- Е) тонус пен жүрек дүрсілін
5. ЭКГ Р тісшісі ... көрсетеді.
- А) екі жүрекшенің қозғанын
- В) қарыншаларда қозу процесінің аяқталуын
- С) қарыншаларда қозудың басталуын
- Д) сол жак жүрекшенің қозғанын
- Е) қозудың жүрекшеден қарыншаға ауысуын
6. Жүрек қызметін ... тежейді.
- А) К- иондары
- В) Са- иондары
- С) адреналин
- Д) тироксин
- Е) глюкокортикоидтар
7. Атриовентрикулярлық қақпақшалардың жабылуына байланысты ... пайда болады.
- А) I-тон
- В) II-тон
- С) III-тон
- Д) IV-тон
- Е) I және II-тондар
8. Жүрек бұлшықеттерінің қызметтері ... бағынады.
- А) «бәрі немесе ештеңе емес» заңына
- В) күш заңына
- С) жекелеп өткізу заңына
- Д) аккомодация заңына
- Е) конвергенция заңына
9. Фонокардиограмма ... сипаттайды.
- А) жүрек дыбыстарды
- В) кеуде бөлігінің ығысуын
- С) электрлік құбылыстарды
- Д) механикалық құбылыстарды
- Е) контрасты зат енгізгенде жүрек көлемін
10. Жүрек қарыншалардың диастоласының ... кезеңдері болады.
- А) босаңсу және қанға толу
- В) ширығу және айдап шығару
- С) ширығу және босаңсу
- Д) қанға толу және айдап шығару
- Е) қанға толу және босаңсу

№6 сабақ

1. Тақырыбы: Гемодинамиканың негізгі заңдары

2. Мақсаты: гемодинамика, оның өлшемдерін оқыту.

3. Оқыту міндеттері: тыныштық және дене шынықтырудан кейін гемодинамика көрсеткіштерін анықтау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Гемодинамиканың негізгі заңдылықтары.
2. Артериядағы қанның жылжуы.
3. Венадағы қанның жылжуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	52 беттің 18 беті	

4. Микроциркуляторлы арнадағы қанның жылжуы .
5. Қан айналымының толық мерзімі.
6. Қанның тамырлар бойымен жылжуының жүйкелік реттелуі.
7. Қанның тамырлар бойымен жылжуының гуморалдық реттелуі.
8. Организмдегі қанның жылжуын қамтамасыз етуде артериолалардың маңызы.
9. Қан айналымы реттелуінің жергілікті механизмі.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:

ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау.

Зертханалық жұмыс №1

Тыныштық күйінде гемодинамика көрсеткіштерін анықтау. Зерттелушіні 15 минут шалқасынан басын жоғары қойып жатқызып ЭКГ, ЖСЖ, АҚ 5-6 мин 1-2 мин интервалмен анықтайды. Сосын зерттелушіні тез тұрып , 10-20мин тік тұруын сұраймыз. Тұра сала АҚ, ЖСЖ өлшеп, ЭКГ-ны жазамыз. Сосын АҚ, ЖСЖ 1,2,3,5,10 минутта қалыпты жағдайға келгенше өлшейді, ал ЭКГ-ны 10-шы 15-ші минутта жазамыз .

Дене шынықтырудан кейін анықтау

Тәжірибені басынан бастаймыз,бірақ тұра салысымен 30-40с аралығында 20 рет отырып , тұрады. Сосын және 3,6,10,15 мин ЭКГ, АҚ , ЖСЖ тұрып тұрғанда жасайды. Зерттеушіден халін сұрайды.

Тәжірибенің нәтижесін бағалау.

Қалыпты жағдайда – симпатикотониялық типте тұрған кезде систолалық қысым 5-10 мм.с.б көтеріледі кейде түседі , диастолалық қысым орташа 10 мм.с.б көтеріледі,ЖСЖ 17-20 % көтеріледі.Қайтадан жатқанда 1-3 мин гемодинамика көрсеткіштері қалпына келеді. (1991 жылы Вейн .А .М.) патологиялық типтерде кейде қалыпты жағдайдан АҚ ,ЖСЖ - 50% -ке дейін ауытқулар болады.

Гиперсимпатикотониялық тип - АҚ 20 мм.с.б көп көтеріледі,ЖСЖ-30сөк/мин көп көтеріледі ,тұрғаннан кейін беті қызарады , көзі қарауытады Гипердиастолалық тип - АҚ диастолалық 5 мм.с.б көп көтеріледі, ал систолалық қатты төмендейді , АҚ пульстік төмендейді .ЖСЖ қатты көтеріледі .

Гиподиастолалық тип - АҚ диастолалық және систолалық өзгермейді немесе төмендейді ,ЖСЖ өзгермейді немесе аз көтеріледі : систолалық АҚ қатты төмен түскенде адам естен танады.

Хаттама толтыру .

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері(тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет № 1 қосымшаны қараңыз.

8. Бақылау

Тесттер

1. Қан тамырлар жүйесіндегі қан ағысын қамтамасыз етеді
 - A. жүрек қарыншалардың жиырылу энергиясы, қысым градиенті
 - B. қан тамырларының серпімділігі мен созымдылығы
 - C. қан тамырлар жүйесіндегі кедергі күші, жүректің жиырылу энергия арасындағы қысымның градиенті
 - D. артериялық және веналық қандағы O₂- нің меншікті қысымының айырмашылығы
 - E. қарыншалар мен жүрекшелер арасындағы қысым айырмашылығы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 19 беті

2. Капиллярлық қан ағысын сипаттайтын көрсеткіштерге - қан қысымы ... , ағу жылдамдығы ... тең болады:

- A. 20-15мм с.б. -0.3-0.5 мм/сек.
- B. 130-120 мм с.б. - 0.5-1 мм/сек.
- C. 100-80 мм с.б. -0.2-0.3 мм/сек.
- D. 80-60 мм с.б. - 0.15-0.2 мм/сек.
- E. 40-30 мм с.б. -10-5 мм/сек.

3. Тітіркену кезінде қан тамырларды тарылтатын ... жүйке талшықтары.

- A. симпатикалық, адренэргиялық
- B. симпатикалық, холинэргиялық
- C. парасимпатикалық, холинэргиялық
- D. парасимпатикалық, серотонинэргиялық
- E. соматикалық, холинэргиялық
- F. 40-30 мм с.б. -10-5 мм/сек.

4. Ағзадағы капиллярлардың негізгіатқаратын қызметі

- A. зат алмасу
- B. сыйымдылық
- C. айналмалы
- D. өткізгіштік
- E. қоймалық

5. Қанды ең көп мөлшерде ... алады.

- A. бүйрек, жүрек, бауыр, бас миы
- B. тері, көкбауыр, құрсақ ағзалары, қаңқа бұлшықеттері
- C. бүйрек, қаңқа бұлшықеттері, бас миы
- D. жүрек, бауыр, құрсақ ағзалары, өкпелер
- E. өкпелер, бас миы, тері, тегіс бұлшықеттері

6. Ең төменгі қан ағысының сызықтық жылдамдығы ... байқалады.

- A. капиллярларда
- B. венулаларда
- C. қолқада
- D. веналарда
- E. артерияларда

7. Қан қысымы ең жоғары капиллярлар ... болады.

- A. бүйректе
- B. мида
- C. өкпелерде
- D. бауырда
- E. теріде

8. Қан тамырлардың кеңеюі және артериялық қысымының төмендегенде

- A. симпатикалық жүйке жүйесінің тонусы төмендейді
- B. қан тамырларды қозғалатын орталықтың тонусы жоғарлайды
- C. симпатикалық жүйке жүйесінің тонусы жоғарлайды
- D. тыныс алу орталығының тонусы жоғарлағайды
- E. соматикалық жүйке жүйесінің тонусы жоғарлағайды

9. Қан ағысына негізгі кедергіні ... жасайды.

- A. артериолалар
- B. веналар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
""Морфофизиология" " кафедрасы	42-16-2024	52 беттің 20 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		

- С. капиллярлар
- Д. венулалар
- Е. артериялар
- 10. Жүректің диастола кезінде тамырлардағы қан ағысын қамтамасыз етеді ...
 - А. артериялардың эластикалық кернеуі +
 - В. жүректің қақпақшалары
 - С. жүрек қызметі
 - Д. қанның тұтқырлығы
 - Е. плевра аралық қуыстағы теріс қысым
- 11. Қан қоймасы болып ... саналады.
 - А. көкбауыр, бауыр, өкпелер, тері асты веналары
 - В. бауыр, бүйрек, бұлшықеттер, капиллярлар
 - С. өкпелер, бұлшықеттер, артериолалар, синустар
 - Д. бүйректер, тері асты веналар, бауыр, ұйқы безі
 - Е. көкбауыр, бүйректер, бауыр, қуыс веналар
- 12. Пульстік толқынның таралу жылдамдығы ... байланысты
 - А. адам жасы мен тамырлардың серпімділігіне
 - В. қан ағысының сызықтық жылдамдығы мен тұтқырлығына
 - С. қан ағысының көлемдік жылдамдығы мен қанның температурасына
 - Д. тамырлардың кедергі күшімен қанның минуттық көлеміне
 - Е. жүректің жиырылу жиілігі мен қанның систолалық жиырылуына

№7 сабақ

1. Тақырыбы: Қан түзуші ағзалардың физиологиясы.

2. Мақсаты: қан түзуші ағзалардың қызметтерін оқып үйрену.

3. Оқыту міндеттері: қан түзуші ағзалардың негізгі клинико-гематологиялық зерттеу әдістерін меңгеру

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1. Қызыл сүйек кемігінің қан түзу үрдісіндегі маңызы.
- 2. Көк бауырдың қан түзу үрдісіндегі маңызы .
- 3. Бауырдың қан түзу үрдісіндегі маңызы .
- 4. Лимфа түйіндерінің қан түзу үрдісіндегі маңызы .
- 5. Тимустың қан түзу үрдісіндегі маңызы
- 6. Эритропоэзді ынталандыратын факторлар .
- 7. Лейкопоэзді ынталандыратын факторлар .
- 8. Тромбоцитопоэзді ынталандыратын факторлар.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

Зертханалық жұмыс №1

Лейкоцитарлық формула.

Лейкоциттер – қанның ақ түйіршіктері, олардың ағзаны бактериялар, вирустар, қарапайымдылардан және бөгде заттардан қорғауда маңызы зор, яғни иммунитетті қамтамасыз етеді. Ересек адамдар қанының 1 мкл-де 4000-9000 лейкоциттер болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 21 беті

Лейкоциттер екі топқа бөлінеді: гранулоциттер (түйіршікті) және агранулоциттер (түйіршіксіз). Гранулоциттер тобына нейтрофильдер, эозинофильдер және базофильдер жатады, ал агранулоциттер тобына – лимфоциттер мен моноциттер жатады.

Лейкоциттер саны 1 мкл	Гранулоциттер						Агранулоциттер	
	Нейтрофильдер				Эозинофильдер	Базофильдер	Лимфоциттер	Моноциттер
	Миелоциттер	Мета-миелоцит (жас)	таяқша ядролы	сегмент ядролы				
4000-9000	0	0-1	1-5	45-70	1-5	0-1	20-40	2-10

Лейкоциттердің пайыздық көрсеткішінің формуласы лейкоциттік формула немесе лейкограмма деп аталады.

Дені сау адамдарда лейкограмма тұрақты болады. Оның өзгерісі әртүрлі аурулардың белгілерін көрсетеді, осы дәрігерлерге нақты диагноз қоюға септігін тигізеді.

Зертханалық жұмыс №2

Гемопозз кестесімен жұмыс.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері(тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет № 1 қосымшаны қараңыз.

8. Бақылау

Тесттер

- Пішінді элементтердің қанның гематокриттік саны ... тең.
 - 45%
 - 25%
 - 30%
 - 55%
 - 65%
- Қанның тұтқырлығы қандағы ... санына байланысты.
 - эритроциттер және ақуыздардың
 - глюкоза мен гемоглобиннің
 - оксигемоглобин және натрий тұздарының
 - лейкоциттер және ақуыздардың
 - тромбоциттер және кальций тұздарының
- Қалыпты жағдайда әйелдерде эритроциттерінің тұну жылдамдығы ... мм/сағ.
 - 2-15
 - 20-25
 - 25-30
 - 30-40
 - 60-80
- Қан плазмасындағы белок құрамы
 - 65-85 г/л
 - 5-25 г/л

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 22 беті

- С. 25-50 г/л
D. 150-200 г/л
E. 250-300 г/л.
5. Ағзада гемоглобин
A. O₂ мен CO₂ тасымалдайды, рН ұстап тұраға қатысады
B. O₂ тасымалдайды,қан ұю процесіне қатысады
C. рН ұстап тұрады, азот пен оттегіні тасымалдайды
D. қан ұю процесіне, иммунды реакцияларына қатысады, рН ұстап тұрады
E. иммунитет пен онкотикалық қысымды қамтамасыз етеді, көмірсуларды тасымалдайды
6. Тромбоциттер
A. ретрактоэнзим, серотонин бөліп шығарады, тромбопластин құрылуына жағдай жасайды
B. антидене бөліп шығарады, оттегіні тасымалдайды, топтық өзгешелікке ие болады
C. аллергиялық реакцияларға қатысады, серотонинді бөліп шығарады, суды тасымалдайды
D. тромбопластиннің пайда болуына жағдай жасайды, фагоцитоздық қызметке ие болады
E. серотонин және гепарин бөліп шығарады, қан ұюына кедергі жасайды
7. Адам қанныңда ... гемоглобин болады
A. 125-160 г/л
B. 50-80 г/л
C. 85-115 г/л
D. 160-200 г/л
E. 220-260 г/л
8. Эритропозге ... қажет.
A. витамин B12, темір, фолий қышқылы
B. витаминдер Д, B12, сірке қышқылы
C. Кастл ішкі факторы, витамин E, цинк
D. биотин, витамин B3, марганец
E. ретинол, фтор, витамин B6
9. Қандағы тромбоциттер саны
A. 200-400x10⁹/л
B. 6-8x10⁹/л
C. 150-180x10⁹/л
D. 4-4.5x10⁹/л
E. 420-480x10⁹/л
10. I қан топтағы пациентке анықталады, егер агглютинация
A. барлық сары суларында болмайды
B. I,II, III топтарда сары суларда болады
C. III, IV топтарда сары суларда болады
D. I, II топтарда сары суларда болады
E. I, III топтарда сары суларда болады
11. Лейкоциттердің қызметі ... болып табылады.
A. фагоцитоз, иммунитет, аллергия реакцияларына қатысу
B. осмостық қысымды ұстап тұру, қан ұю үрдісіне қатысу, газдарды тасымалдау
C. рН реттеу, фагоцитоз,иммунитет, аллергия реакцияларына қатысу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"Морфофизиология" кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 23 беті

- D. ЭТЖ реакциясына қатысу, онкотикалық қысымды ұстап тұру, тұздарды тасымалдау
- E. тыныс алу үрдісіне қатысу, тұтқырлықты ұстап тұру, амин қышқылдарды тасымалдау
12. Қанның онкотикалық қысымын ... қамтамасыз етеді.
- A. плазма белоктары
- B. белок және плазма тұздары
- C. белок және пішінді элементтердің тұздары
- D. плазма тұздары
- E. тұздар және пішінді элементтер
13. Қанда қалыпты жағдайда ... лейкоцит болады.
- A. $4-8 \times 10^9/\text{л}$
- B. $0-1 \times 10^9/\text{л}$
- C. $1-2 \times 10^9/\text{л}$
- D. $3-5 \times 10^9/\text{л}$
- E. $9-12 \times 10^9/\text{л}$
14. Еркектерде эритроциттердің тұну жылдамдығының қалыпты шамасы... мм/сағ тең.
- A. 1-10
- B. 30-40
- C. 20-30
- D. 10-20
- E. 0,1-0,9
15. Қан ұюдың соңғы фазасына ... кіреді.
- A. ретракция, фибринолиз
- B. тромбин түзілу, фибринолиз
- C. ретракция, В6 витаминнің пайда болуы
- D. фибринолиз, протромбиннің пайда болуы
- E. тромбин түзілу, ретракция
16. Эозинофилдердің қызметі
- A. антипаразитарлық, ағзада гистаминді бейтараптау, фагоцитоз, бактерицидті
- B. белсенділік
- C. антипаразитарлық, бактерицидті белсенділік, экзоцитоз
- D. ағзада гистаминді бейтараптау, бактерицидті белсенділік, эндоцитоз
- E. фагоцитоз, бактерицидті белсенділік, ағзада ацетилхолинді бейтараптау
- F. бактерицидті белсенділік, ағзада адреналинді бейтараптау, антипаразитарлық
17. Нейтрофилдер қызметі
- A. фагоцитоз, бактерицидті белсенділік, ұлпалардың регенерациясына әсер етеді
- B. фагоцитоз, антипаразитарлық, ұлпалардың регенерациясына әсер етеді
- C. бактерицидті белсенділік, фагоцитоз, антипаразитарлық
- D. ұлпалардың регенерациясына әсер етеді, антипаразитарлық
- E. бактерицидтік активтілік, ағзада гистаминді бейтараптау
18. Қан плазмасындағы ақуыздың маңызы
- A. онкотикалық қысым тудырады, қан ұюына қатысады, қанның рН тұрақтылығын сақтауға қатысады, заттардың тасымалдануына қатысады
- B. осмостық қысым тудырады, заттардың тасымалдануына және қан ұюына қатысады
- C. қан ұюына қатысады, заттардың тасымалдануына қатысады, ағзада гистаминді бейтараптайды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		42-16-2024
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		52 беттің 24 беті

- D. рН тұрақтылығын сақтауға және заттардың тасымалдануына қатысады, ағзада гистаминді бейтараптайды
- E. заттардың тасымалдануына қатысады, ағзада ацетилхолинді қан тобын анықтауға мүмкіндік береді
19. Эритроциттердің осмотық резистенттілігі бұл ... тұрақтылығы.
- A. Na Cl гипотониялық ерітіндісіне
- B. Na Cl гипертониялық ерітіндісіне
- C. Na Cl изотониялық ерітіндісіне
- D. глюкозаның гипотониялық ерітіндісіне
- E. K Cl изотониялық ерітіндісіне
20. Қаның түстік көрсеткіші ... сипаттайды.
- A. эритроциттердің гемоглобинге қанығу дәрежесін
- B. эритроциттердің темірге қанығу дәрежесін
- C. қандағы гемоглобин мөлшерін
- D. эритроцит санының лейкоциттерге қатынасын
- E. пішінді элементтер мен плазма қатынасын
21. Каогуляциялық гомеостаздың 2-ші кезеңінде ... түзіледі.
- A. тромбин
- B. протромбин
- C. ұлпалық протромбиназа
- D. қан протромбиназа
- E. антитромбин
22. Еритін фибриноген ... әсерінен ерімейтін фибринге айналады.
- A. тромбин мен XIII фактор
- B. тромбопластин мен V фактор
- C. протромбин мен IV фактор
- D. фибринолизин мен XI фактор
- E. фибриноназалар мен IX фактор
23. Әйелдерге қарағанда еркектерде эритроциттердің саны жоғары, онын себебі
- A. эритропоэздің еркек жыныс гормондар арқылы жоғарлауында
- B. қара жұмысқа байланысты эритропоэздің жоғарлауында
- C. оларда бұлшықет массасы жоғары
- D. эритропоэтиндер көбірек пайда болады
- E. әйелдер сияқты, әр ай сайын эритроциттерден айырылмайды
24. Сыртқы фактор цианкоболамин (Вит В12) сіңірілуіне қажетті қан түзуші ішкі фактор ... түзіледі.
- A. асқазанда
- B. бүйректе
- C. бауырда
- D. көкбауырда
- E. ішекте

№8 сабақ

1.Тақырыбы: Ішкі сөлініс бездерінің жеке физиологиясы.

2. Мақсаты :эндокринді жүйенің жеке бездерінің құрылымдық- қызметтік үйлесуін оқыту

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 25 беті

3. Оқыту міндеттері: гипоталамо-гипофизарлы-бүйрекүсті жүйесінің, эпифиздің, қалқанша, айрықша, қалқанша маңы және жыныс бездерінің құрылымдық- қызметтік үйлесуін түрлі – түсті суреттерден, муляждармен кестелерден оқып үйрену

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Гипофиз алдыңғы, ортаңғы, артқы бөлімдері.
2. Эпифиз.
3. Қалқанша безі.
4. Қалқанша маңы безі.
5. Тимус.
6. Ұйқы безі.
7. Гипоталамо-гипофизарлы-бүйрекүсті жүйесі.
8. Аталық бездер.
9. Аналық бездер.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: физиологиялық кестелермен жұмыс жасау, тестілік тапсырмаларды шешу.

Зертханалық жұмыс №1.

Бақаның пигментті жасушаларына адреналиннің әсері.

Адреналин көптеген физиологиялық серпілістерді шақыратын бүйрекүсті безінің миы затының гормоны.

Жұмысқа қажетті: 1:100 адреналин ерітіндісі, инемен шприц, екі бақа.

Жұмысты орындау : Екі бақаға зерттеу жүргізіледі. Бақаның біреуінің арқа жағындағы лимфа қабына 0,5 мл адреналин ерітіндісін тері астына саламыз. Сол бақаны және екінші бақаны банканың ішіне салып, 15-20 минут терісінің түрінің өзгеруін бақылаймыз. Адреналин салынған бақаның терісі қанша уақытта ақшылданғанын белгілеңіз (адреналин әсерінен терінің меланоформдары қысылып, өздерінің өсінділерін ішіне тартып алады).

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.) ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер

1. Полипептидті гормонға ... жатады.
 - A. глюкогон
 - B. инсулин
 - C. тироксин
 - D. паратгормон
2. Стериодты гормонға ... жатады.
 - A. эстрогендер
 - B. прогестерон
 - C. гидрокортизон
 - D. катехоламин
3. Тирозиннің туындыларына ... жатады.
 - A. катехоламиндер
 - B. тироксин
 - C. трииодтиронит

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
""Морфофизиология" " кафедрасы		
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар		42-16-2024 52 беттің 26 беті

- D. инсулин
4. Қандағы қанттың деңгейін ... гормоны реттейді.
- A. ұйқы безінің
B. бүйрекүсті безінің қыртысы қабатының
C. бүйрекүсті безінің миы қабатының
D. қалқанша маңы безінің
5. Бүйрекүсті безінің миы қабатында ... өндіріледі.
- A. окситоцин және АДГ
B. инсулин және глюкоза
C. адреналин және норадреналин
D. АКТГ, ТТГ, СТГ
6. Бүйрекүсті безінің қыртысты қабатында ... өндіріледі.
- A. окситоцин және АДГ
B. инсулин және глюкагон
C. минералокортикоидтар және глюкокортикондар
D. АКТГ, ТТГ, СТГ
7. Гипофиздің алдыңғы бөлігі ... бөліп шығарады.
- A. окситоцин және АДГ
B. инсулин және глюкагон
C. адреналин және норадреналин
D) АКТГ, ТТГ, СТГ
8. Гипофиздің артқы бөлігі ... бөліп шығарады.
- A. окситоцин және АДГ
B. инсулин және глюкагон
C. адреналин және норадреналин
D. АКТГ, ТТГ, СТГ
9. Гипоталамус релизинг- факторларын ... өндіреді.
- A. либериндер және статиндер
B. тироксин, трийодтиронин және тиреокальцитонин
C. тестостерон және прогестерон
D. паратгормон және кальцитонин
10. Қалқанша маңы бездерінің гормоны ... табылады .
- A. паратгормон
B. тирокальцитонин
C. инсулин
D. глюкагон
E. альдестерон
11. Паратгормонның қанға бөлінуі ... тудырады.
- A. кальцийдің жоғарылауын
B. кальций төмендеуін
C. амин қышқылдарының жоғарылауын
D. амин қышқылдарының төмендеуін
E. фосфордың жоғарылауын
